

## Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 186 қаулысы

Тәжікстан Республикасындағы қолайсыз табиғи-климаттық жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Тәжікстан Республикасының межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

2

сәуірдегі

№ 186

қаулысына

қосымша

## Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтардың тізбесі

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	2-сұрыпты бидай ұны	тонна	27
2	Жоғары сұрыпты бидай ұны	тонна	380
3	Ет консервілері	физикалық банка	345715
4	Өсімдік майы	литр	84000

5	Сары май	тонна	230
6	Қарақұмық жармасы	тонна	349,9985
7	Қант	тонна	48,4975
8	40 орындық қысқы шатырлар	дана	49
9	Болат құбырлар	тонна	60
10	Диаметрі 8 және 10 мм металл прокаты	тонна	120

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК